

**«Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге  
ақша жинауға арналған шартты салым»  
БАНКТІК ШАРТТЫ САЛЫМ ШАРТЫ**

Осы «Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге ақша жинауға арналған шартты салым» банктік шартты салым шартымен (бұдан әрі – Шарт) көп пәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелерінің бірлестігінің (бұдан әрі – Салымшы) «ForteBank» АҚ-да (бұдан әрі – Банк) жинақ шотын ашу, жабу және жүргізудің, сонымен қатар ол бойынша операция жүргізудің жалпы талаптары белгіленеді.

Осы Шарт қосылу шарты болып табылады, Банк белгіленген тәртіпте Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 389-бабына сәйкес бекітілетін Қосылу туралы өтінішті (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) қабылдаған және Банкте ашылған жинақ шотына банктік салым сомасын енгізген күннен бастап бекітілген болып есептеледі.

Салымшы Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып Шарт талаптарын толық оқығандығын, түсінгендігін және қандай да бір ескертусіз және қарсылықсыз қабылдағандығын растайды, оларды уақытында әрі толық көлемде орындауға міндеттенеді. Шарт Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастырылды.

### **1. Шарттың мәні және қолданылу шарттары**

1.1. Осы Шартқа сәйкес Салымшы Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне (бұдан әрі – ММИБ) күрделі жөндеу жүргізуге ақша жинау мақсатында Қосылу туралы өтініште көрсетілген сомада ақша салады (бұдан әрі – Салым), ал Банк Салымшы қол қойған Қосылу туралы өтініш негізінде, Салымшы Банкке қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда, Салымшыға банктік жинақ шот ашады (бұдан әрі – Шот).

Салымшы Шотқа ақша салады, ал Банк Салымды қабылдайды, Салым бойынша сыйақы төлейді, көп пәтерлі тұрғын үйдің пәтер, тұрғын емес жайларының меншік иелерінің жалпы жиналысының (бұдан әрі – жиналыс) шешімі болған жағдайда, Салымды немесе оның бір бөлігін қайтарады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте және осы Шартқа сәйкес Шарттың мәніне сәйкес келетін төлем қызметтерін көрсетеді.

1.2. Банк осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұсынатын төлем қызметтерін көрсетудің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге сәйкес келеді.

1.3. Банкпен ерекше қатынастағы тұлға болып табылатын Салымшымен Шарт жасау «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

### **2. Тараптардың құқығы және міндеттемелері**

#### **2.1. Банк міндетті:**

2.1.1. Салымшы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банкінің ішкі құжаттарына сәйкес барлық қажетті құжатты ұсынған соң, толық құжаттар топтамасын ұсынған күннен кейінгі 1 (бір) операциялық күн ішінде Салымшыға Шот ашуға, Шотты ашқаннан кейін Салымшыға жеке сәйкестендіру коды көрсетілген Шот ашылғандығы туралы анықтама беруге.

2.1.2. Салық агентінен Салымшының пайдасына қолма-қол ақшасыз жолмен түскен, Салым сомасындағы ақшаны Салымшының жинақ шотына аудару арқылы қабылдап алуға.

2.1.3. Осы Шарттың 1.1. тармағында көрсетілген жағдайлар туындағанда және құжаттарды ұсынғанда, Салымшының алғашқы талап етуі бойынша Салымды немесе оның бір бөлігін Салымшының банктік шотына немесе Салымшы көрсеткен басқа деректемелер бойынша қолма-қол ақшасыз аудару арқылы қайтаруды қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға.

2.1.4. Салым бойынша сыйақы есептеуге және төлеуге, Талаптар орын алған соң Ағымдағы шотқа 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Салым сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны қайтаруға.

2.1.5. Салымның және оған есептелген сыйақы сомасының сақталуын, бар болуын және есепке алынуын қамтамасыз етуге.

2.1.6. Салымшының немесе оның уәкілетті тұлғасының талап етуі бойынша Салым және/немесе оған есептелген сыйақы, төлем қызметі туралы ақпаратты жинақ шоты бойынша үзінді көшірме түрінде

Салымшының уәкілеттік берген өкілінің қолына беру арқылы немесе Салымшы сұратқан басқа түрде ұсынуға.

2.1.7. Салымның құпиясын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта белгіленген тәртіпте, талаптарда және негіздемелер бойынша жинақ шотының болуы, иесі және нөмірі туралы, жинақ шотындағы ақша қалдығы және ақша қозғалысы туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға ұсынуға.

2.1.8. Салым сомасын қайтаруды, сыйақыны төлеуді мерзімінде жүзеге асырмағаны үшін Салымшыға Салым және/немесе сыйақы сомасын қайтару күнін қоса алғанда, әрбір мерзімі өткен операциялық күн үшін берешек сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) %, бірақ қандай жағдай болмасын берешек сомасының 5 (бес) % аспайтын өсімақы, бірақ залал емес, төлейді.

2.1.9. Төлем құжаттарын, шешімдерді және (немесе) Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы өкімді, тыйым салу туралы актілерді, сонымен қатар мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғалары/Қазақстан Республикасының жеке сот орындаушылары ұсынған мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою туралы актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде орындауға.

2.1.10. Төлем құжатын орындаудан бас тарту туралы Салымшыға Тараптармен келісілген (Банктің қалауы бойынша) кез келген тәсілмен хабарлауға. Мұндай хабарлама жіберілген күн төлем құжатын орындаудан бас тартқан күн болып есептеледі.

2.1.11. Белгіленген тәртіпте ұсынылған мүлікке иелік етуге уақытша тыйым салу туралы актілердің, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың жинақ шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімінің және (немесе) өкімінің, сонымен қатар Салымшының ақшасына тыйым салу туралы актілердің күшін жою туралы тиісті құжаттардың негізінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Шот бойынша шығыс операцияларын қалпына келтіруге және Салымшының бұрын иелік етуге тыйым салынған ақшасына иелік ету құқығын шектемеуге.

2.1.12. Шартта қарастырылған тәртіпте Салымшының Шотын жабуға.

## **2.2. Банк құқылы:**

2.2.1. Салымды өзінің қалауы бойынша, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес пайдалануға;

2.2.2. Салымшының осы Шартқа қол қоя отырып, оның жинақ шотынан (шоттарынан) ақша алуға берген алдын ала келісімінің негізінде Салымшының жинақ шотынан(-тарынан), сондай-ақ Салымшының Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен, мынадай жағдайларда алуға:

- 1) ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылатын рұқсатсыз төлемдер дерегінің анықталуы;
- 2) жалған төлем құжатының негізінде ақшаны аудару;
- 3) қате нұсқаулықты орындау;
- 4) Салымшының Шарт бойынша және/немесе оның кез келген басқа ақшалай міндеттемелері бойынша, қандай да бір банктік қызметтерді көрсеткені үшін Банк комиссиясын төлеу, соның ішінде кейін оны Салымшының Банк алдындағы кез келген берешегін өтеу мақсатында алу үшін ақшаны Салымшының жинақ шотынан ағымдағы шотына аудару арқылы төлеу бойынша міндеттемелерін қоса алғанда, Банк алдында берешегінің болуы;
- 5) Банктің қателесуі нәтижесінде шотқа ақша негізсіз аударылғанда;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздерде және тәртіпте басқа жағдайларда.

2.2.3. Банкінің уәкілетті органы Салымға қосымша жарна (-лар) енгізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдағанға дейін қосымша жарналар қабылдамауға, егер бұндай шешім Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 53-бабы 2-тармағы 16-тармақшасына сәйкес талап етілгенде, қосымша жарналарды қабылдамауға.

2.2.4. келесі жағдайларда операцияны тоқтата тұруға және/немесе операция жүргізуден бас тартуға:

1) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы келесілер болып табылса:

- а) уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес жасаған ұйымдар мен тұлғалар туралы тізбеге (бұдан әрі - Тізбе) енген ұйым немесе тұлға болса;
- б) Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның тікелей немесе жанама меншігінде немесе бақылауындағы заңды тұлға болса;

в) Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғалардың атынан немесе олардың нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;

г) халықаралық ұйымның немесе шет мемлекеттің анықтауы бойынша ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/жүрген (тұратын) тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;

2) егер Салымшы жүргізетін операцияларды зерделеу барысында олардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүргізіліп жатқандығы туралы күмән туындаса;

3) заңнамада, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларда;

4) Шот бойынша операциялар жүргізу кезінде алаяқтық әрекеттерге және/немесе өзге де құқыққа қайшы тосын оқиғаларға күдік келтірілсе;

5) Салымшының және/немесе бенефициардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының дерекқорында болу фактісі анықталған жағдайларда.

2.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда, сонымен қатар келесі жағдайларда біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға және бұзуға:

1) Салымшы таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда, таратылу/қайта ұйымдастыру дерегін растайтын құжаттар бар болған кезде;

2) егер Банк операциялардың қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру (жылыстату) мақсатында жасалғанын және/немесе операцияның бір тарапы (тараптары) Тізбеге енгізілген ұйым немесе тұлға болып табылатындығын негізді тұжырымдағанда;

3) Салымшы қажетті құжаттар мен ақпаратты беруден, сонымен қатар Салымшының жеке мәліметтерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес АҚШ (Internal Revenue Service) Салық Қызметіне беруге келісімін беруден бас тартқанда, оның ішінде оларды Қазақстан Республикасының уәкілетті органы арқылы бұған Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес, ондай жабуларға рұқсат етілмейтін жағдайларын қоспағанда.

4) егер Банк осы Шарттың талаптары, Банк қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңнамасы, Банктің және корреспондент банктің жария болып саналатын ішкі рәсімдері мен талаптары бұзылған, бұзылуы мүмкін деп есептесе, сонымен қатар кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес, әрекеті Банкке және Салымшыға қолданылатын (сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей операция түріне, Салымшының тіркелген және/немесе орналасқан еліне және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің/қатысушыларының, бенефициарлы меншік иелерінің, еншілес немесе қауымдастырылған ұйымдарына байланысты, сонымен қатар аталған елдерге/аталған тұлғаларға немесе аталған елдерден/аталған тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) санкциялар бар болса;

5) Клиентке қатысты оның қызметін заңсыз деп тану туралы сотқа дейінгі/сот талқылауын көрсететін мән-жайлар болған жағдайда, сондай-ақ Банк пен оның клиенттеріне қатысты, олардың мүдделеріне зиян келтіретін заңсыз әрекеттерді жүзеге асыру үшін қолданылуы мүмкін басқа да жағдайлар болған кезде.

2.2.6. Шартқа, сонымен қатар Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге соттан тыс біржақты тәртіпте өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте Салымшыны алдын ала, яғни:

- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер ұлғайған жағдайда - осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне кемінде 1 (бір) күнтізбелік ай қалғанда;

- өзге жағдайларда - осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда,

өзгерістерді/толықтыруларды (оның ішінде жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастыру арқылы хабардар етуі тиіс, бұған Қазақстан Республикасы заңнамасында рұқсат етілмеген бір жақты өзгерту талаптары қосылмайды.

Банк осы тармақта белгіленген тәртіппен Шартқа, сонымен қатар Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпаратты жариялаған күннен бастап хабарламаның тиісті мерзімі өткеннен кейін мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді. Өзгерістер/толықтырулар енгізілгеннен кейін Шарт жаңа редакцияда қолданысын жалғастырады.

2.2.7. Салымшының үнсіздік арқылы білдірілген ерік білдіруі негізінде, бір жақты өзгеріс енгізуге Қазақстан Республикасы заңнамасында рұқсат етілмесе де, Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте Салымшыны алдын ала, яғни:

- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер ұлғайған жағдайда - осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне кемінде 1 (бір) күнтізбелік ай қалғанда;

- өзге жағдайларда - осындай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциясы) күшіне енуіне кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда,

өзгерістерді/толықтыруларды (оның ішінде жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастыру арқылы хабардар етуі тиіс.

Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап хабарлаудың тиісті мерзімі ішінде Салымшының Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдамайтындығы туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның еркін білдіруі болып табылады және Салымшының мұндай өзгерістермен/толықтырулармен келісетіндігін білдіреді.

2.2.8. Шот бойынша шығыс операцияларын (барлығын немесе жеке түрлерін), оның ішінде интернет және мобильді банкингіндегі операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі рәсімдерінде көзделген мерзімге тоқтата тұруға, сондай-ақ Шоттағы ақша алаяқтық немесе өзге де заңсыз әрекеттердің нәтижесі болып табылады деген негізделген күдіктер болған кезде және Салымшыға, Банкке не оның өзге клиенттеріне қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер іске асырылуы мүмкін өзге де жағдайларда Салымшының интернет және мобильді банкингіне кіруіне шектеу белгілеуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, көрсетілген іс-әрекеттер мен олардың салдарын болдырмауға, Салымшының, Банктің не оның өзге де клиенттерінің ықтимал шығындарын қысқартуға бағытталған басқа да шектеулер мен шараларды енгізуге.

2.2.9. Шот бойынша алаяқтық және/немесе құқыққа қарсы тосын оқиғалар белгілері бар операциялар анықталған кезде Салымшыдан осындай транзакция бойынша мән-жайларды анықтау үшін қажетті ақпаратты сұратуға.

### **2.3. Салымшы міндетті:**

2.3.1 Банкке жинақ шотын ашу және жүргізу үшін, жинақ шоты бойынша операцияларды жүргізу үшін, өзінің жинақ шотының жағдайы туралы ақпаратты алу үшін қажетті барлық құжатты, валюталық бақылау, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау, Салымшының деректерін / дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін Банк сұратқан құжаттарды ұсынуға;

2.3.2. Салымшының жинақ шотына ақша қателесіп есепке жатқызылған дерегі анықталған жағдайда, осы қатені жою мақсатында, жинақ шоты бойынша үзінді көшірме алғаннан кейін 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке хабар беруге және Салымшы қателесу дерегін анықтаған сәттен бастап немесе Банк қате есептелген ақшаны қайтару туралы тиісті хабарлама жіберген сәттен бастап 5 (бес) операциялық күнінен кешіктірмей қате есептелген ақшаны толық мөлшерде Банкке қайтаруға;

2.3.3. Салымшының жинақ шоты бойынша Банк жүргізетін операцияларға әсер етуі мүмкін барлық өзгерістері туралы, соның ішінде өз атауының, мекенжайының, төлем құжаттарына қол қою құқығы бар тұлғалар құрамының өзгеруі туралы, сонымен қатар қайта ұйымдастыру, тарату, мөрдің тозығы жетуі және жоғалуы жағдайы және т.б. туралы дереу, қандай жағдай болғанда да 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке жазбаша түрде толық және анық ақпаратты беруге;

2.3.4. осы Шарттың 2.3.3. тармақшасында қарастырылған міндеттемелердің кез келгенін бұзған жағдайда, Банкке әрбір бұзушылық дерегі үшін Банктен айыппұл төлеу туралы талап келген мезетте жинақ шотында орналасқан салым сомасынан 0,01% мөлшерде айыппұл төлеуге;

2.3.5. Салым сомасын және/немесе сыйақы сомасын Салымшының басқа банкте және/немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған жинақ шотына аударған жағдайда, Банк қызметін Банк филиалдарының операциялық залдарында және Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес төлеуге. Салымшы Банктің аударым

үшін комиссия сомасын қайтарылатын Салым сомасынан және/немесе Салым бойынша төленетін сыйақы мөлшерлемесі сомасынан ұстап қалу арқылы алып қалуына құқылы екендігімен келіседі;

2.3.6. Шарт талаптарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы, сонымен қатар Шарт бойынша көрсетілетін қызмет тарифтері туралы Банктің интернет-ресурсынан ([www.forte.kz](http://www.forte.kz)), сондай-ақ Банк орынжайларындағы (операциялық бөлімшелердегі) көпшілікке қолжетімді жерлерде орналастырылған хабарландырулардан өзі білуге.

2.3.7. осы Шартқа және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған Банктің басқа міндеттемелері мен талаптарын уақытында және тиісті түрде орындауға.

2.3.8. заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға Салымшының Шотына, сәйкестендіру құралдарына кіру рұқсатын бермеуге, оның ішінде үшінші тұлғалардың төлемдер жасауына және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруына әкеп соғатын рұқсатты бермеуге.

2.3.9. Шот бойынша алаяқтық және/немесе өзге де құқыққа қарсы тосын оқиғалар белгілері бар операциялар анықталған кезде, Банктің сұрау салуы бойынша Банкке Банктің ішкі рәсімдеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай операция бойынша мән-жайларды анықтау үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті.

#### **2.4. Салымшы құқылы:**

2.4.1. Осы Шарттың талаптарына және Қосылу туралы өтінішке сәйкес Салым бойынша соманы және ол бойынша сыйақыны алуға;

2.4.2. Банктен Салым, ол бойынша есептелген сыйақы, төлем қызметі туралы ақпаратты талап етуге;

2.4.3. осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қосымша жарналар енгізу арқылы Салымды толықтыруға және осы Шартта және Қосылу туралы өтініште қарастырылған тәртіпте ішінара ақша алуға;

2.4.4. Шартты Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте бұзуға.

### **3. Сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары**

3.1. Банк Салымды Шотқа есептеген күннен бастап Салымшыға Салым бойынша сыйақыны күн сайын есептейді, сыйақы есептеу жинақ шотына ақша нақты түскен күннен кейінгі күннен бастап Банк Салымды қайтару күнін қоса алғанда, Салымшыға Салымның толық сомасын қайтарған күнге дейін жүргізіледі. Салым бойынша сыйақыны есептеген кезде бір ай ондағы нақты күндер санына тең болып, ал жыл – жылдағы 365 (үш жүз алпыс бес)/360 (үш жүз алпыс) күндерге тең болып есептеледі. *Ескерту: 360 күн «Самұрық-Қазына» ұлттық ал-ауқат қоры» АҚ және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдары үшін қолданылады;*

3.2. Салым бойынша сыйақы Қосылу туралы өтініште көрсетілген деректемелер бойынша Салымшының «ForteBank» АҚ-да ашылған ағымдағы шотына (бұдан әрі – Ағымдағы шот) Салымшының таңдауы бойынша жыл сайын немесе ай сайын төленеді.

3.3. Сыйақы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке төленетін корпоративтік табыс салығын алусыз төленеді (егер басқасы Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылмаса).

3.4. Салымға қосымша жарналар енгізгенде немесе Салымның бөлігін шығарып алғанда, қосымша жарна/Салымның бөлігін шығарып алған сома түскен/алған күннен кейінгі күнінен бастап, Салымның ұлғайған немесе кеміген сомасына Сыйақы есептеледі.

3.5. Осы Шартқа сәйкес Шоттағы ақшаны қолдануға шектеу болған кезеңде Банк Салым бойынша сыйақы есептемейді және төлемейді.

3.6. Егер сыйақы төлеу күні демалыс күнге тұспа-тұс келсе, төлем бірінші жұмыс күні орындалады. Сыйақы ай сайын төленген жағдайда төлем есептік айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күні орындалады, ал сыйақы жыл сайын төленген жағдайда төлем Салымды орналастырған күнге сәйкес келетін күні орындалады.

3.7. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін. Салымшының жазбаша өтініші бойынша Банк Салымшыға сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі мөлшерінің өзгергендігі туралы мәліметті береді.

### **4. Шарттың қолданылу мерзімі**

4.1. Осы Шарт Салым Банкке түскен және Банк белгіленген тәртіпте Қосылу туралы өтінішті қабылдаған мезеттен бастап күшіне енеді, Тараптар өз міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданыста болады.

4.2. Банк үшінші тұлғалардың Салымшының жинақ шотынан ақшаны шығарып алу туралы өкімін орындаған жағдайда Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылады.

## **5. Салымға иелік ету**

5.1. Салымнан кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жасау мақсатында ғана, сонымен қатар кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жасауға алынған тұрғын үй қарызын өтеуге ғана ақша алуға болады және ол пәтерлердің, тұрғын емес жайлардың меншік иелерінің міндеттемелері бойынша кепіл заты бола алмайды, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жасау шарттарын қоспағанда. Шотта жиналған ақшаны жұмсау жиналыс хаттамасының негізінде, осы Шартта қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

5.2. Осы Шарт бойынша салымды/салымның бір бөлігін қайтарудың талабы - Банкке тиісті түрде ресімделген Банктің Салымды/Салымның бір бөлігін қайтару туралы жиналыс хаттамасын және тиісті өтінішті ұсыну.

Салымшы Салымды алғысы келетіндігі туралы Банкке жиналыс хаттамасын ұсына отырып, жазбаша түрде хабарлауға міндетті, бұл ретте Банк Салым сомасын Салымшының талабы келіп түскен кезден бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтарады.

5.3. Салымшы Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Банкке Шот ашылған күні Шартта белгіленген мөлшерде Салымшының ағымдағы шотынан Шотқа аудару үшін ақша сомасын алуға келісімін (құқығын) береді. Бұл ретте Салымшы тарапынан қандай да бір қосымша келісім-раस्ताма/нұсқаулық талап етілмейді.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толығымен орындамағаны үшін, егер ол орындамаулар еңсерілмейтін күштің (шек қою-тыйым салу сипатындағы, өрт, су тасқыны немесе жер сілкіну, электр қуатын берудегі ақаулар және басқалары) әсерінен, Банктің және Салымшының кінәсы болмай, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекетінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары өкімдерінен болғанда, егер бұндай жағдайлар осы Шарттың орындалуына тікелей әсер еткенде, міндеттемелерін ішінара немесе толығымен орындамағаны үшін жауапкершілігінен босатылады. Бұл ретте осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар болған уақытқа шамалас уақытқа созылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларына түскен Тарап бұл туралы екінші Тарапқа 3 (үш) банктік күні ішінде хабардар етуге міндетті.

6.2. Салымшы осы Шарт бойынша талаптарды бұзған жағдайда Банк өз міндеттерін орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған Шот бойынша операцияны тоқтату және/немесе шоттағы ақшасына тыйым салу салдарынан Салымшыға келтірілген шығындар үшін жауапкершілік көтермейді.

6.3. Банк:

1) Салымшының Салымға иелік етуге уәкілеттік берген тұлғалардың әрекеттері үшін жауап бермейді, егер Салымшы осы Шартқа сәйкес осындай тұлғаларды ауыстырғаны немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқаны туралы Банкке хабарламаған/уақытылы хабарламаған немесе тиісті түрде хабарламаған жағдайда;

2) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартқаны, тоқтатқаны үшін жауапты емес;

Салымшылардың және/немесе үшінші тұлғалардың төлем құжаттарын тиісті түрде ресімдеген жағдайда шот бойынша операцияларды уақытында жүргізбегені үшін;

3) заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалардың төлемдер жасауға және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға рұқсат алуына әкеп соққан рұқсатты беруді қоса алғанда, Салымшының үшінші тұлғаларға Салымшының Шотына, Салымшының сәйкестендіру құралдарына өту рұқсатын алуы салдарынан туындаған салдарлар үшін жауап бермейді.

6.4. Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған операциясының заңдылығы үшін, сондай-ақ осы Шартта қарастырылған қызметтерді жүзеге асыру үшін негіз болатын Банкке ұсынылатын құжаттарының дұрыстығы үшін жауапкершілік көтереді.

6.5. Банк таратылған немесе қайта құрылған жағдайда Салым бойынша өтеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

6.6. Осы Шарт талаптарын тиісті түрде орындау бойынша, онымен қоса рұқсат етілмеген төлем қызметтері бойынша да туындаған дауларды/сұрақтарды шешу үшін Тараптар, егер осы Шартта басқасы қарастырылмаса, жазбаша түрде шағымды/хабарламаны/ескерту хатын жолдаумен келіссөздер арқылы шешуге тырысады. Келісімге келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте шешіледі.

6.7. Банктің заңды тұлғаның/өкілеттіктің/заңды тұлғаның филиалының Салымын қайтару бойынша міндеттемесі «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-мен кепілдендірілмеген.

6.8. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайдағы Банк жауапкершілігі тұрақсыздық айыбын, бірақ шығындарды емес, төлеумен шектеледі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта басқасы қарастырылмаған болса.

6.9. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толығымен орындамағаны үшін, егер ол орындамаулар еңсерілмейтін күштің (өрт, су тасқыны немесе жер сілкіну, электр қуатын берудегі ақаулар және басқалары) әсерінен, Банктің және Салымшының кінәсы болмай, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекетінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары өкімдерінен болғанда, егер бұндай жағдайлар осы Шарттың орындалуына тікелей әсер еткенде, міндеттемелерін ішінара немесе толығымен орындамағаны үшін жауапкершілігінен босатылады. Бұл ретте осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар болған уақытқа шамалас уақытқа созылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларына түскен Тарап бұл туралы екінші Тарапқа 3 (үш) банктік күні ішінде хабардар етуге міндетті.

## 7. Дербес деректері

7.1. Салымшы Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы мақсатында қол қою арқылы мыналарға келісімін береді:

- Салымшы туралы ақпаратты/Салымшының деректерін үшінші тұлғаларға беруге/үшінші тұлғалардан алуға, егер заң талаптарына және/немесе осындай тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес көрсетілген тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болса немесе мұндай міндеттер мен құқықтар басқа негіздер бойынша туындаса, оның ішінде:

- уәкілетті мемлекеттік органдардан; заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғалардан, ұлттық басқарушы холдингтерден, ұлттық компаниялардан; кредит бюроларынан; зейнетақы қорынан; мемлекеттік дерекқорлар операторларынан/иелерінен; курьерлік компаниялардан; ұялы байланыс операторларынан; Банкке ақпараттық-технологиялық қолдау қызметтерін көрсететін тұлғалардан немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызметі саласында басқа да мәмілелері бар тұлғалардан; шетелдік корреспондент банктерден; АҚШ-тың Салық қызметінен (Internal Revenue Service), FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, әр түрлі сервистерді және жоғарыда көрсетілген үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып.

- Салымшының деректерін мемлекеттік дерекқорлар (бұдан әрі – МДҚ) иелерінің, Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығының, сондай-ақ ресми және заңды дереккөздердің (Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми дереккөздер) кредит бюроларына, оның ішінде МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен алынғандарын қоса алғанда, Банкке, кредит бюроларына және басқа ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

- Салымшының деректерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша қолданыстағы және келешекте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға, кредит бюросына және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (кредит бюроларына қоса алғанда немесе кредит бюролары арқылы) беруге;

- Банктің Банк өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстарды дайындауы мақсатында барлық заңды дереккөзден Салымшы туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, алдын ала талдау жүргізуіне;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына беруге, оның ішінде мемлекеттік кіріс органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген

белгіленген шекті сомадан асатын қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасу мақсатында беруге;

- келесі жағдайларда және тұлғаларға Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуына:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда;

б) Банк қызметкерлеріне;

в) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес және осы заңнамадағы негіздер бойынша Банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) контрагентке(-терге) және өзге тұлғаларға, егер Банк осындай тұлғамен(-лармен) келісім жасаса және бұл келісімнің мәні болып аталған тұлғалардың Банктен алған/алатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау туралы міндеттемелерді қабылдауы табылса;

Егер коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Салымшының кінәсінен бұзылған болса немесе құпия ақпарат өзге дереккөздерден үшінші тұлғаларға белгілі болса не белгілі болып қалса, бұған Банк жауапты болмайды.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның (бұдан әрі - Кредиттік бюро): (а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Салымшы туралы ақпаратты алуына, (б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Салымшы туралы ақпаратты Банкке беруіне;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның, МДҚ иелерінің/операторларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның Салымшы туралы ақпаратты Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке беруіне;

- кредиттік бюроларға болашақта келіп түсетін және/немесе соңғы ақпарат соңғы ақпаратты алған күннен бастап бес жыл бұрын алынған деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге, сондай-ақ басқа қызметтерді көрсетуге.

7.2. Осы арқылы Салымшы Салымшының Банкке шарттар, шарттардың қосымша келісімдері бойынша берген және болашақта беретін дербес деректер субъектілерінің<sup>1</sup> дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажет болған басқа жағдайларда, Салымшының дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруіне forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және басқа да деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша келісімін алдын ала алғандығын куәландырады.

7.3. Салымшы Банктің талабы бойынша Банкке Салымшының дербес деректер субъектілерінен жинап алған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдерінің болуы туралы құжаттамалық растаманы ұсынады, ал келісімдердің болуын құжатпен растау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай келісімдерді жинап, одан кейін Банкке олардың алынғанын растайды.

7.4. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Салымшыға жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шара қолданылған жағдайда, Салымшы Банктің талабы бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды Банкке өтеуге міндеттенеді.

7.5. Банк:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады;

- Салымшы қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өңдеуге және таратуға міндеттенеді;

- Салымшы қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне өту талаптарын өзі белгілеуге құқылы;

- дербес деректерді Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының талаптарын ескере отырып, оларды өңдеу мақсаттарында талап етілетін мерзімнен артық сақтамауға және өңдеу мақсаттарына жеткеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;

- Шартты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;
- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

## **8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту**

8.1. Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың барлық қолданылатын нормаларын сақтайды. Тараптар, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты - шаруашылық қызметке байланысты ресімдерді оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешу үшін жәрдемдесуді/ төлемдер төлеуді көздейтін парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды.

8.2. Тараптар, олардың лауазымды тұлғалары және осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама қатысатын қызметкерлері қандай да бір ақшалай қаражатты не өзге де құндылықтарды (оның ішінде материалдық емес құндылықтарды) тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға, олардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету мақсатында, заңнамада белгіленген тәртіпті айналып өтіп немесе басқа да заңсыз мақсаттарды көздей отырып, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу ниетімен төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге/алуға рұқсат бермейді, қабылдамайды.

Осы баптың ережелері Тараптар үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы растаулар болып табылады. Тараптар Шарт жасау барысында осындай растауларға сүйенеді.

Тарап осы баптың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенген жағдайда, тиісті Тарап өзінің күдіктері туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге міндеттенеді.

## **9. Қорытынды талаптар**

9.1. Банк Салымшыға жинақ шотының Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ашылғаны туралы салық органдарына хабардар етеді.

9.2. Банк рұқсат етілмеген төлемдерге Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін қорғаныс әрекеттерін жүзеге асырады.

9.3. Осы Шарттың шеңберінде төлем қызметін шетел валютасында ұсынып көрсеткенде, егер Қазақстан Республикасы заңнамасында басқасы қарастырылмаса, Банк тағайындаған айырбастау бағамы қолданылады.

9.4. Салымшының (жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын) қойылған қолдарының бірі немесе мөрбедері ауыстырылған жағдайда, Банкке қол қою үлгілері және мөрбедері қойылған, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте ресімделген және расталған жаңа құжат ұсынылады.

9.5. Рұқсат етілмеген төлем қызметі бойынша Салымшының негізделген хабарласуы немесе басқадай шағымы болғанда, Банк ондай шағымды қарауды аяқтаған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде шоттағы операция сомасын қайтадан толтырады және заңнамада рұқсат етілген тәсілдермен Салымшыға қайтару жолымен Салымшының құжатпен расталған басқадай шығындарын Банктің бұндай операцияны жүзеге асырғаны үшін комиссия сомасынан аспайтын мөлшерде өтейді.

9.6. Шартты (іскерлік қатынастарды) бір жақты тәртіпте бұзған жағдайда, Банк Шартты (іскерлік қатынастарды) бұзудың болжамды күнінен кемінде екі күн бұрын Салымшыға тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Салымшыны ондай бұзу туралы ескертеді.

9.7. Шарт бойынша барлық ескерту, хабарлама жазбаша түрде қолына беру және/немесе Тараптар көрсеткен деректемелер бойынша пошта қызметімен және/немесе факспен және/немесе электронды поштамен жазбаша түрде жолдаған жағдайда, таңдап алынған байланыс арнасы хабарламаның адресатқа жеткізілгендігін растайтын болса және/немесе ақпаратты Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастыру арқылы жеткізген жағдайда хабарламаны тиісті Тарап жолдаған/ тиісті Тарап қабылдап алған болып есептеледі, басқасы Шартты арнайы белгіленбесе.

9.8. Осы Шартқа қол қою арқылы Салымшы қолданысы Салымшыға және Банк жүргізетін немесе Банк арқылы жүргізілетін оның операцияларына (сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, операция түрімен, Салымшы және оның лауазымды тұлғалары, акционерлері/қатысушылары, бенефициар меншік иелері тұратын және (немесе) тіркелген, еншілес және қауымдастырылған ұйымдары орналасқан елмен, сондай-ақ осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдермен байланысты) қолданылатын, шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және кез келген елдің, халықаралық

ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды (сонымен қатар шығындар мен жоғалған пайданы) қабылдайды. Банк осы тәуекелдер мен олардың салдары үшін (оның ішінде шығындар мен жоғалған пайда үшін) жауапты емес.

9.9. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтіндері арасында айырмашылықтар болғанда, ондай айырмашылықтарды реттеу үшін Шарттың орыс тіліндегі мәтіні алынады.

9.10. Осы Шарттың қолданысы аяқталғаннан кейін Банк Салымшының жинақ шотын жабады, оның жеке сәйкестендіру кодын жояды.

9.11. Осы Шартта реттелмеген барлық қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

**Банк деректемелері:**

«ForteBank» АҚ,

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1,

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 10.02.2015 жылғы анықтама.

БСН 990740000683

БСК IRTYKZKA

Коршот: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ-дағы KZ23125KZT1001300204